

Ата-аналар жиналысының №1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 05.09.2023 ж.

Қатысқандар: 35 ата-ана.

Күн тәртібі:

1. Ата-аналар комитетін құрамын сайлау, іс-жоспарын бекіту – Б.Султанов
2. Өткен оқу жылының қорытынды есебі – Б.Султанов
3. Жаңа оқу жылына тәрбиелік міндеттер – Б.Султанов
4. І-тоқсанда жүргізілетін тәрбиелік жұмыстар (міндеттер) – Б.Султанов
5. «Бала еңбегін қанау» (баяндама) – А.Рахимбердиев
6. «Баланың басты ұстазы – ата-ана» (баяндама) – М.Асанова
7. «Ата-аналардың бала алдындағы міндеттері туралы – Б.Султанов
8. Жасөспірімдер мен оқушылары арасындағы құқықбұзушылық туралы – Б.Султанов
9. Жол, өрт, су, өмір қауіпсіздігі ережелері туралы – Б.Султанов
10. Баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бір жағы мектеп екінші жағы ата-ана арасындағы «Келісім-шарт» - Б.Султанов
11. Отбасындағы зорлық-зомбылық – әлеуметтік педагог А.Рахимбердиев
12. Әлеуметтік көмек, ыстық тамақ туралы – әлеуметтік педагог А.Рахимбердиев
13. Мектеп формасы туралы – Б.Султанов

Жиналыс барысы:

Тыңдалды: бірінші мәселе бойынша сөзді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов бастады. Ол өз сөзінде 2023-2024 оқу жылына ата-аналар комитетін төмендегі құрамда ұсынып отырғаны айтты.

1. Ата-аналар комитетінің төрағасы – Кайназаров Халықбай
2. Орынбасары – Боташова Гулдана
3. Мүшелері – Ережепова Оразкул
4. Мүшелері – Бердиярова Гулмира
5. Хатшы – Құдайбергенова Кунимай

Сөзін әрі қарай жалғастырып, ата-аналар комитетінің іс-жоспарын құрып, бекіту мәселесі қаралды. Құрылған іс-жоспарымен таныстырды. Егер, сұрақтарыңыз болса айтыңыздар деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: екінші мәселе, өткен 2022-2023 оқу жылының қорытынды есебі. Ол өз сөзінде тәрбие саласы жұмысының нәтижесінде құқықбұзушылық

бойынша МАІБ-да есепте тұрған оқушылар жоқ екенін айтты. Бала еңбегін қанау бойынша, оқушылардың отбасыларында балаға қарсы зорлық-зомбылық сияқты ешқандай әрекеттер болған жоқ деді. Жол, өрт, су, өмір қауіпсіздігі бойынша ешқандай келеңсіз оқиға орын алмағанын және алдағы уақытта солай болатынына сенетінін айтты. Мектеп оқушылары түрлі аудандық, облыстық өнер фестивальдерінен және пән олимпиадаларынан жүлделі орындар алғанын қуана айтып сөзін аяқтады.

Тыңдалды: үшінші мәселе бойынша, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің мақсаты, міндеттері, нысаны және іске асыру механизмдерімен таныстырды. Жаңа оқу жылында тәрбие саласы бойынша мына жұмыстар қатты қолға алынатынын айтты. Олар оқушылармен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, балалар еңбегінің алдын алу, зорлық-зомбылықтың алдын алу, болдырмау іс-шара жұмыстары екенін түсіндіріп өтті.

2023-2024 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысының құрылымымен, тақырыбымен және мақсатымен таныстырды. Тәрбие саласы бойынша биылғы оқу жылының тақырыбы «Мектеп – мейірім мекені» деп таныстырды.

Тыңдалды: төртінші мәселе бойынша, оқушылармен І-тоқсанда жүргізілетін тәрбиелік жұмыстар және міндеттерімен таныстырды.

Оқушылармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарды ата-аналар мен мектеп бірлесе отырып жүргізбесе ешқандай нәтиже шықпайтынын айтты. Ата-ананың, оқушының, ұстаздың міндеттерімен таныстырды.

Мектептің өндірістік жоспарынан бөлек Республикалық, облыстық, аудандық тапсырмалар келетінін және оны міндетті түрде орындау керектігін айтып өтті.

Сөзін аяқтай келе ата-ана, мектеп болып бірлесе жұмыс атқарайық деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: бесінші мәселе «Бала еңбегін қанау» тақырыбында баяндаманы М.Асанова оқып берді. Баяндамада 18 жасқа толмаған баланы заңсыз ауыр жұмыстарға салмауға болмайтыны туралы болды. Ондай жағдай анықталса заң алдында ата-анасы немесе балаға жауапты адам жауап беретіні туралы айтты.

Тыңдалды: алтыншы мәселе бойынша сөз кезегін А.Рахимбердиев алып «Баланың басты ұстазы – ата-ана» тақырыбында баяндама оқыды. Оның баяндамасында балаға бірінші ата-анасы жауап беретіні және оның себептері туралы болды. Ата-ананың бірінші міндеті - баласын тәрбиелеу, мектеппен, сынып жетекшісімен байланыста болу екендігі туралы мағлұмат берді.

Тыңдалды: жетінші мәселе бойынша «Ата-аналардың бала алдындағы міндеттері туралы сөзді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов алып былай деді. Ата-ана баласын туылғаннан бастап бағып өсіруге, киіндіруге, мектепке беруге, қажетті оқу қаралдырымен қамтамасыз етуге, заң шеңберінде тәрбиелеуге міндетті екенін айтты. Егер осы заңда көрсетілген міндеттерді ата-ана

орындамаса мемлекет баланы өз қамқоршылығына алатынын, ата-ана құқығынан айыратынын айтып түсіндірді. Заң баптарынан оқып берді.

Тыңдалды: сегізінші мәселе «Жасөспірімдер мен оқушылар арасындағы құқықбұзушылық туралы» директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов сөз алып былай деді. Мектепте құқықбұзушылықтың алдын-алу және оны болдырмау, оқушылардың тәртібін жақсарту жұмыстарын жүргізу және үйлестіру мақсатында «Профилактикалық кеңес» төмендегі құрамда бекітілгенін айтып таныстырды;

1. Төрағасы: Б.Султанов – ДТЖО;
2. Орынбасары: У.Кулдасова – педагог-психолог;
3. Мүшесі: Д.Ахметов – денешынықтыру пәні мұғалімі;
4. Мүшесі: А.Рахимбердиев - әлеуметтік педагог;
5. Мүшесі: Г.Жакыпова – медбике;
6. Мүшесі: Х.Қайназаров – ата-аналар комитетінің төрағасы;
7. Хатшы: М.Асанова – тәлімгер;

Профилактикалық жұмыс жоспары төмендегі жеті бағыт бойынша жұмыс жүргізетінін айтты;

1. Мектепте әкімшілік және қылмыстық Заңнамаларды түсіндіру бойынша құқық қорғау қызметкерлерімен бірлескен жұмыс
2. Сабактан себепсіз көп қалатын оқушыларды анықтау бойынша жұмыстар
3. Жайсыз және әлеуметтік жағдайы нашар отбасы балаларымен жұмысты ұйымдастыру
4. Тәрбиеге қиындық келтіретін оқушылармен (ТҚКО) жұмысты ұйымдастыру
5. Мектепте оқушыларының теріс бағыттағы діни ағымдардың ықпалына түспеуін қадағалау жұмыстары
6. Мектеп оқушылары арасында зиянды әдеттерге әуестіктің алдын алу, «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» жұмыстарын ұйымдастыру
7. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және оны қадағалау жұмыстар.

Сөзін әрі қарай жалғастыра келе мектепте құқықбұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында елді мекеннің ата-аналары және ұстаздардан бірлескен «Тәркілеу тобы» құрылғанын айтып және оның қандай қызмет атқаратынын айтып түсіндірді. Тәркілеу тобының жетекшісі етіп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов бекітілгенін, топ жеті адамнан тұратынын айтып сөзін әрі қарай жалғастырды.

Оқушыларды тәртіп сақшыларының жұмысына үйрету және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте «Полицияның жас көмекшілері» жасағын құрылғанын және оның міндеттерімен таныстырды. Жасак жетекшісі етіп Д.Ахметов сайланғанын айтты.

2023-2024 оқу жылында №24 «Ұшқын» негізгі орта мектебі мен аудандық МАІБ кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер істері жөніндегі бөлімінің бірлескен жұмыс жоспарымен, оның мақсатымен, құндылықтарымен және күтілетін нәтижесімен таныстырды.

2023-2024 оқу жылына кәмелетке толмаған жасөспірімдер мен оқушылар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу, анықтау және болдырмау, мектепте ақша, бағалы тағы басқа заттар жинау, қорқытып алушылықты тоқтату мақсатында мектеп мұғалімдерінен «Мобильдік топ» құрылғанын және әр көшеге екі мұғалімнен бекітілгенін айттып түсіндірді.

2003-2024 оқу жылында мектеп оқушыларына арналған «Сенім жәшігі», «Сенім поштасы» және «Сенім телефоны» орнатылғанын және жауапты мұғалімдер бекітілгенін айтып, топтың жылдық жоспарымен таныстырды.

Тыңдалды: тоғызыншы мәселе «Жол, өрт, су, өмір қауіпсіздігі ережелері туралы» бойынша сөзді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов алды. Ол өз сөзінде мектепте жол, өрт, су, өмір ережелеріне қатысты іс-шаралар жоспарымен таныстырды.

Ата-ана баласына жол ережесі белгілерін үнемі танстырып, үнемі баланың есіне салып отыру керектігін айтты. Қазіргі кезде ата-аналар баласына автокөлікті 18-ге толмаған, жүргізуші куәлігі жоқ баласына беріп қояды. Автокөлік, ол велосипед емес екенін ата-ана түсіну керек деді. Мектеп оқушысы, немесе кәуәлігі жоқ бала жол апатына ұшырап, біреудің баласын майып қылса не болатынын білесіздер және біреудің баласын немесе адамды қағып кетсе өмір бойы мүгедек болып қаладығой деп сөзін әрі қарай жалғастырды. Кейбір ата-ана өзінің баласы кішкентай кезде мектепке келіп пәленшенің оқушы баласы, немесе пәленшенің оқушы немересі автокөлік жүргізіп жүр, менің баламды жолда қағып кетсе не болады деп біздерге сол баланың ата-анасына ескертіндер, полицияға беріндер деп алып кейін өзінің баласы немесе немересі өсіп 7-11 сыныпқа келгенде автокөлікті беріп қоятын жағдайлар кездесіп жатқанын айтты. Бірінші әрбір ата-ана өзін тәрбиелеу керек, сосын біреуді тәрбилесін деді. Ютубты көрсеніздер мектеп жасындағы қанша бала автокөлік жүргізіп, жол апатына ұшырап жатқанын және арты қайғылы оқиғаға әкеп соғып жатқанын, ата-анасының кейін бармағын тістеп қалғанын көресіздер. Сондықтан балаларыңызға, немерелеріңізге автокөліктерді бермеңіздер деді. Баланың көңіліне қарап тірлік істеуге болмайтынын, баланы тәртіпке шақыру, еліміздің тәртіпті, заңды сыйлайтын азат етіп тәрбиелеу сіздің мойныңызда екенін ұмытқаған жөн деді.

Келесі мәселе өрт қауіпсіздігі туралы былай деді. Ата-анасы баласына өрт неден шығатынын және оның салдарымен танытсыру керек деп сөзін әрі қарай жалғастырды. Өрт қауіпсіздігі ережесін балаға үнемі түсіндіріп, құлағына құя беру керек деді.

Келесі су қауіпсіздігі бойынша сөз бастады. Сөзінде ата-ана міндетті түрде баласына кішкентайынан суда жүзуді үйрету керек деді. Суда жүзе алатын баланың суға кету қауіпі азаяды, төмендейтіні айтып түсіндірді. Суда шамылу ережелерін жиі айтып отыру керек деп келесі мәселеге өтті.

Өмір қауіпсіздік ережесіне тоқтала келе былай түсіндірді. Өмір қауіпсіздігі туралы не білеміз? Деген сұрақтан бастады.

Төтенше жағдайларда іс-қимылдарын ұйымдастырудағы білімді үгіт-насихаттауды күшейту мақсатында –болуы ықтимал апат оқиғаларында өздеріне , төңіректегілерге жәрдем көрсетуге үйретудің қарапайым жолдары және оны меңгерту; Өрттен, жер сілкінісі, боран, үсік шалу, мұздақта жүру, жылан шағып алу, өрмекші шағып алу сияқты зардап шегушілерге қамқорлық жасап, әдепті болу, жедел жәрдем келгенге дейін зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсету ережелерімен таныстырды. Топпен жұмыстануға дағдыларын дамыту болып табылады деді. Сөзінің соңында Өмірден қымбат еш нәрсе жоқ, өйткені өмірде бәрі бар. Қазіргі заманда өмір ең қымбат байлық болып келеді. Адамның ең негізгі мақсаты ол - өмірді сақтап қалу, өйткені ол құнсыз. Адам осы өмірдегі өмір сүру мағынасын іздейді, жоспар құрайды, сол жоспарларды іске асыру үшін жасайды және үйренеді. Әрбір ата-ана баламның қызығын көрсем, аяғына тұрып адам болғанын көрсем деп армандайды деді. Сол арманаға тету үшін осы ережелерді сақтайық, ұстанайық деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: оныншы мәселе бойынша «Баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бір жағы мектеп екінші жағы ата-ана арасындағы «Келісім-шарт» туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов сөз алды. Ол өз сөзінде келісім-шарт 2023-2024 оқу жылына жасалады деп төмендегі келісім-шарт ережесімен таныстырды.

Бала тәрбиесінің жауапкершілігі туралы
мектеп және ата-аналар арасында түзілген

КЕЛІСІМ-ШАРТ

«№24 «Ұшқын» негізгі орта білім беретін мектебі»

«___» «___» 2023 ж.

Төмендегі қол қойып, шарт жасаушылар:

Бірінші жағы №24 «Ұшқын» негізгі орта мектебінің ұжымы, екінші жағы төмендегі тізімде көрсетілген ата-аналар болып келісім-шарт жасауның мазмұны:

1. №24 «Ұшқын» негізгі орта мектебі ҚР «Білім туралы заңы» бойынша мектеп бағдарламасына сәйкес оқушыға білім береді және тәрбиелейді;
2. Мектепте жүрген оқушыларға жұмыс уақытысында қандай жағдай болса да толық жауап береді.

3. Ата-ана мектептен тыс уақытта, демалыс кездерінде, мереке күндерінде, түнгі мезгілде, мектеп аумағынан шығып кеткеннен кейін баланың жауапкершілігін толық өз мойнына алады;
4. Оқушының мектепке кешікпей келуі мен сепсіз келмей қалу жауапкершігі ата-анаға жүктеледі. Тосын оқиғалар болған жағдайда, тәртіп бұзғанда баласына қарамағаны үшін жауапты болып табылады.

Келісім-шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және заң күші бар құжат болып есептеледі.

Мектеп директоры:

(қолы)

Директордың тәрбие

ісі жөніндегі орынбасары

(қолы)

Сынып жетекшісі:

(қолы)

Сынып ата-аналар

комитетінің

(төрағасы, төрайымы)

(қолы)

1.

(ата-ананың аты-
жөні)

(қолы)

2.

(ата-ананың аты-
жөні)

(қолы)

Осы, екі жақты келісім-шарт қол қойған күннен бастап күшіне енетінін айттып сөзін аяқтады.

Тыңдалды: онекінші мәселе «Отбасындағы зорлық-зомбылық» туралы сөзді мектептің педагог психологы У.Кулдасова алды. Ол өз сөзінде балаға зорлық-зомбылық жасап жатқанын өзі байқамайтын ата-аналар кездесетінін және ондай

нәрсені бала тәрбиесіндегі норма деп түсінетіндер баршылық деді. Зорлық-зомбылық жағдайлар әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларда жиі кездеседі деді. Зорлық зомбылықтың түрі көптігін айтты. Мысалы ретінде мынаны келтірді. Баланы ұрсып, ұрып сабақ оқыту, жұмыс істету, қаламаған нәрсесін істету, боктау, жаман сөздер айту, балаға жекіріп сөйлеу сияқты тағы басқа намысына тиетін сөздер айтып, іс-әрекеттермен тиісіп қорлау сияқты нәрселер жатады.

Боулинг және гипербоулинг деген терминдер бар деп, оның мағыналарын мынандай деп түсіндірді.

Боулинг – деген сөздің мағынасы балаға түрлі қысым көрсетіп, ұрсып, ұрып сөйлеу деген ұғымды білдіреді деді.

Гипербоулинг – деген сөздің мағынасы баланы фотоапаратқа, сотқаға сүретке түсіріп, оның келбетіне, денесіне түрлі сүреттер салып, сүреттегі бейнесін түрлі қисынға симайтын нәрселерді салып біреулерге жіберіп немесе өзіне жіберіп мазак ету деді. Осындай жағдайға қарсы баланың бойында иммунитет қалыптастыру керектігін айтты. Егерде осындай жағдай болып жатса полицияға барып ескерту керек деді.

Қоңсыңның үйінде ұрыс-керіс, жанжал болып жатса барып ажыратуға міндеттіміз деді. Егерде сағанда көнбей жатса полиция қызметкерлерін шақыру керек деді. Себебі бір отбасыны үлкен пәледен аман алыпқаласыз деді. Сөзінің соңында балалармен, ата-аналармен жүргізілетін зорлық-зомбылық жоспарымен таныстырып сөзін аяқтады.

Тыңдалды: онүшінші мәселе «Әлеуметтік көмек, ыстық тамақ туралы» сөзді мектептің әлеуметтік педагогі А.Рахимбердиев алып былай деді. Биылғы оқу жылында бюджет есебінен бастауыш сыныптың 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылады.

«Мектепке жол» акциясында демеушілер қолдаумен 4 оқушы мектепке қажетті оқу құралдарымен қамтылды деп сөзін аяқтады

Тыңдалды: онтөртінші мәселе «Мектеп формасы туралы» сөзді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов алды. Ол өз сөзінде ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптары» шыққанын айтты.

1. Білім алушылар білім беру ұйымдарында белгіленген киім үлгісін сақтауға міндетті:

Атап айтқанда, оқушылардың сырт көрінісі төмендегі талаптарға сай болуы міндеттеледі.

- Оқушылар мектепке таза, ұқыпты, бірыңғай мектеп формасын киюге міндетті;

Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

- Ұлдардың мектеп формасы:

- пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелер бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

- **Қыздардың мектеп формасы:**

- пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

- Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады.

- Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды деп, өз сөзін аяқтады.

ҚАУЛЫ

1. Мектептің ата-аналар комитеті ұсынған ата-аналар төмендегі құрамда сайлансын:

1. Ата-аналар комитетінің төрағасы – Кайназаров Халықбай

2. Орынбасары – Боташова Гулдана

3. Мүшелері – Ережепова Оразкул

4. Мүшелері – Бердиярова Гулмира

5. Хатшы – Құдайбергенова Кунимай

2. Өткен оқу жылының қорытынды есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

3. Жаңа оқу жылына тәрбие жұмыстары жандандырылсын.

4. І-тоқсанда жүргізілетін тәрбиелік жұмыстар жандандырылсын.

5. «Бала еңбегін қанау» бойынша жұмыстар жандандырылсын.

6. Ата-ана баласының жан-жақты дамуына жағдай жасалсын

7. Ата-аналардың бала алдындағы міндеттері қатаң түрде сақталсын

8. Жасөспірімдер мен оқушылары арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп мұғалімдерінен мобильдік топ, ата-аналармен бірлескен кезекшілер тобы құрылсын, ауылда рейд жұмыстары жүргізілсін

9. Ата-аналар және сынып жетекшілер тарапынан жол, өрт,су, өмір қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру жұмыстары жандандырылсын.

10. Баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бір жағы мектеп екінші жағы ата-ана арасындағы «Келісім-шарт» бекітілсін.

11. Отбасындағы зорлық-зомбылықты анықтау және бақылау жұмыстары күшейтілсін. Әлеуметтік педагог және сынып жетекші тарапынан зорлық-зомбылыққа бейім отбасы балалары бақылауға алынсын

12. Әлеуметтік көмек, ыстық тамақ туралы түсіндіру жұмыстары жаңа оқу жылында өз деңгейінде атқарылсын
13. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылсын.
14. Оқушылар мен ата-аналар және мұғалімдер санитарлық-тазалық нормаларын қатаң түрде сақтасын.

Мектеп директоры:



Ә.Ахметов

Ата-аналар комитетінің төрағасы:

Х.Қайназаров

Хатшы:

А.Рахымбердиев

